

"Абай облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтарды айқындау туралы" Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 53 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Абай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 161 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 21 тамызда № 315-18 болып тіркелді

Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Абай облысы бойынша кен іздеушілікке арналған аумақтарды айқындау туралы" Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 53 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36-18 болып тіркелген) келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымша келесі мазмұндағы 36-жолмен толықтырылсын:

№	Учаскенің атауы	Ауданның атауы	Нүктенің №	Учаскенің географиялық координаттары						Учаскенің ауданы (гек тар)	Г' де Г' блоктың атауы
				Шығыс бойлық			Солтүстік ендік				
36.	Көшек	Жарма	1	81	07	28	49	26	27	4,99	-
			2	81	08	08	49	26	25		
			3	81	08	07	49	26	23		
			4	81	07	28	49	26	25		

2. "Абай облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімінің м.а.

Д. Гаригов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Геология комитетінің "Шығысқазжерқойнауы" Шығыс Қазақстан

өңіраралық геология департаментінің басшысы

_____ С. Айкешов

2024 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Экология және
табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық
реттеу және бақылау комитетінің Абай облысы
бойынша экология департаментінің басшысы

_____ С. Сарбасов

2024 жылғы " __ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК